

**Қамқоршылық кеңес отырысының
№ 1 ХАТТАМАСЫ**

Шоңжы ауылы

«18» қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: 47

Қатыспағандар: 1

Қатысқандар:

Комиссия төрағасы:

Аликеева Кульжахан Какишевна - Алматы облысы ішкі саясат басқармасы» ММ «Қоғамдық келісім» КММ Ұйғыр аудандық филиалының жетекшісі, ҚХА жанындағы Ұйғыр аудандық аналар кеңесінің төрайымы

Комиссия мүшелері:

Нургалиев Жакулин Жасузакович – ЖШС «Алматы жолдары» Шоңжы филиалының директоры, әлеуметтік серіктес, кеңес мүшесі

Айғожаев Жәнібек Абиырұлы – аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі, кеңес мүшесі;

Ахметов Дархан Санатулы – аудандық полиция бөлімінің аға лейтенанты, кеңес мүшесі;

Омарова Гульнарjam Гожалимовна – ата-ана, кеңес мүшесі;

Сатынбаева Жанат Сағынышовна – ата-ана, кеңес мүшесі;

Комиссия хатшысы:

Қатыспағандар:

Джапарова Сяням Шукуровна – оқытушы
Илахунов Абдуманап Аблахаевич – «Ұйғыр су құбыры» МКҚК-ның басшысы, әлеуметтік серіктес, кеңес мүшесі;

Күн тәртібінде:

Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының басшыларының бос лауазымына орналасуға, «Алматы облыстық білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Шоңжы политехникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры қызметіне үміткер Г.Б. Тегисбаеваның мемлекеттік білім беру ұйымында атқарылған жұмыстарының есебі

Тыңдалды:

«Шоңжы политехникалық колледжі» МКҚК-ның директоры Тегисбаева Гулназ Багдаулетовна сөз алды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Бүгінгі таңда «Шоңжы политехникалық колледжі» МКҚК-нің қолданыстағы лицензиясына және оның қосымшаларына сәйкес,

	көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»	слесарі» 3W0716130 3 - «Автомобиль көлігін жөндеу шебері»	50	қазақ орыс	2 жыл , 10 ай	-	-	-	-	-	-
4	07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»	3W0716160 3 - «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі»	-	-	-	22	қазақ	10 ай.	3	қазақ	10 ай.
5	07230100 - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»	3W0723010 1 - «Тігінші»	-	-	-	20	орыс	10 ай.	5	орыс	10 ай.
6	10130300 – «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	3W1013030 1- «Кондитер-безендіруші» 3W1013030 2- «Аспазшы»	30	қазақ	2 жыл , 10 ай	-	-	-	-	-	-
Барлығы			110			42			8		

2025-2026 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс толық орындалып, негізгі орта білім базасында – 110 білім алушы, жалпы орта білім базасы мен техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім базасында – 50 білім алушы оқуға қабылданды.

Жалпы колледж бойынша соңғы 3 жылда мемлекеттік тапсырыстың орындалу көрсеткіші 20%-ға өсті:

- 2023-2024 оқу жылында – 120 білім алушы;
- 2024-2025 оқу жылында – 150 білім алушы.
- 2025-2026 оқу жылында – 160 білім алушы.

Колледж контингенті:

Р/с №	Мамандық атауы	Біліктілік атауы	Білім алушылар саны
1	06120100 – «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)»	3W06120101 – «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы»	68

2	07150500 – «Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)»	3W07150501- «Электргазымен дәнекерлеуші»	15
3	07161300 – «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»	3W07161301 – «Автомобиль жөндеу слесарі»	108
		3W07161303 - «Автомобиль көлігін жөндеу шебері»	
4	07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру»	3W07161603 - «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі»	25
5	07230100 - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу»	3W07230101 - «Тігінші»	25
6	10130300 – «Тамақтандыруды ұйымдастыру»	3W10130301- «Кондитер-безендіруші»	87
		3W10130302- «Аспазшы»	
Барлығы			328

Колледжде барлық мамандықтар бойынша оқыту тілі мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі, оқыту нысаны - күндізгі.

I-жарты жылдықтың қорытынды нәтижесі негізінде “жақсы” бағада -220 білім алушы, “үздік” бағада -13, жетім балалар саны-2, мүгедектер -3. Жалпы колледж бойынша мемлекеттік стипендия алатындар саны -238 білім алушы.

Соңғы үш жылдағы білім сапасының көрсеткіштері

Шифр	Мамандық атауы	2023-2024	2024-2025	2025-2026 I жарты-жылдық
06120100	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	77,5%	75,4%	86,3%
07150500	Дәнекерлеу ісі (түрі бойынша)	-	72,4%	100%
07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	36,5%	53,0%	78,3%
07161600	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	45,4%	53,8%	80,0%
07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	-	66,6%	77,2%
10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	45,5%	44,3%	68,6%
Барлығы		51,2%	62,0%	81,7%

Колледждің даму жоспарына сәйкес, 2026 жылы колледжде «Газбен жабдықтау жабдықтары мен жүйелерін монтаждау және пайдалану» мамандығын ашу жоспарлануда. Аталған мамандықты іске қосу мақсатында облыстық бюджеттен 45 000 000 (қырық бес миллион) теңге көлемінде қаражат бөлінді. Қазіргі уақытта аталған мамандық бойынша білім беру бағдарламасы талаптар реестріне енгізіліп, сонымен қатар лицензияға қосымша алу бойынша тиісті құжаттарды рәсімдеу жұмыстары жүргізілуде.

Қазіргі таңда бөлінген қаржы есебінен оқу үдерісін сапалы ұйымдастыру үшін 150 дана арнайы оқу-әдістемелік кітап, 2 интерактивті панель, 25 парта, 25 компьютер, сондай-ақ заманауи оқу жабдықтары мен құрал-саймандар, виртуалды шындық (VR) көздірігі сатып алынып, нәтижесінде екі оқу кабинеті толықтай материалдық-техникалық талаптарға сай жабдықталды.

Колледж педагогтарының сапалық құрамы мен жетістіктері

2025-2026 оқу жылында колледжде білім беру қызметін жоғары кәсіби деңгейдегі, білікті 43 педагогикалық ұжым жүзеге асырады. Педагогтардың сапалық құрамы еңбек нарығының заманауи талаптарына сай кадр даярлауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу орнында қызмет атқаратын педагогтардың басым бөлігі білікті, ЖОО бітірген, магистрлік дәрежесі бар мамандар болып табылады. Олардың арасында 4 педагог-зерттеушілер, 6 педагог-сарапшы, 16 педагог-модератор сондай-ақ көпжылдық өндірістік тәжірибесі бар өндірістік оқыту шеберлері бар. Бұл дегеніміз сапалық құрамның 65% құрайды. Педагог кадрлардың кәсіби әлеуеті үздіксіз біліктілікті арттыру курстары, тағылымдамалар және өндірістік практика арқылы тұрақты түрде жетілдіріліп отырады. 2025 жылы 15 педагог "Талап" КЕАҚ, "Өрлеу" біліктілікті арттыру орталығы" АҚ, "Daryn Ustaz" біліктілікті арттыру орталықтарынан курстан өтіп, қазіргі кезде курстан кейінгі сүйемелдеу бойынша іс-шаралар ұйымдастырып, сабақтарда зерделеу жұмыстарын ұйымдастырып, ізденіп жұмыс жасауда.

Колледж педагогтары оқыту үдерісінде заманауи педагогикалық технологияларды, цифрлық білім беру ресурстарын, модульдік және дуальды оқыту элементтерін және ЖИ құралдарын кеңінен қолданады. Бұл білім алушылардың кәсіби құзырлілігін қалыптастыруға және практикалық дағдыларын дамытуға оң әсерін тигізеді.

Педагогтар облыстық кәсіби байқауларға, республикалық деңгейдегі педагогикалық байқауларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға, семинарлар мен форумдарға белсенді қатысып, жүлделі орындарға ие болуда. Атап айтатын болсам білім алушы Максимов И жетекшісі Хаминова А.А. "TayQazan-2025" халықаралық кәсіби шеберлік байқауынан III орынды иеленді, білім алушы Сауржанова Н жетекшісі Шарипова Н.Х. "Бизнес аруы-2025" облыстық кәсіпкерлік бизнес байқауына өз жобаларын ұсында, білім алушы Селимахунова Д жетекшісі Ахметкалиева І.С. "Мен кәсіпкермін" облыстық гранд турнирге қатысып II орынды иеленсе, білім алушы Сауржанова Н жетекшісі Юлдашева Д.Р. "Жас ғалым" стартап жобаларында номинациямен марапатталды. Сонымен қатар, 2025 жылы 6 құзіреттілік бойынша WorldSkills чемпионаттарына білім алушыларды дайындап, жақсы көрсетіп, колледждің имиджін арттыру жолында жұмыс жасап келеді.

Әдістемелік қызмет аясында педагогтар авторлық оқу-әдістемелік құралдар, оқу бағдарламалары мен электронды ресурстар әзірлеп, тәжірибелерін әріптестерімен облыс, республика көлемінде бөлісуде. Биылғы оқу жылында 18 педагог өз санаттарын көтеруге/растауға өтініш білдіріп отыр. Осы тұста аттестацияға дайындық барысында I авторлық бағдарлама 7 әдістемелік құрал дайындалып облыстық сараптамалық кенеске ұсынылып отыр. Колледж педагогтері үздіксіз баспа беттеріне мақалалар жариялап, өз жұмыстарын колледжіміздің әлеуметтік желісінде жариялап отырады. Ұжымдағы шығармашылық пен кәсіби ынтымақтастық білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы болып табылады. Облыстық, республикалық, халықаралық деңгейде ұйымдастырылатын қысқы педагогикалық оқуларда да педагогтар жаппай қатысып, тәжірибе алмасады. "ТЖКББ жүйесіндегі инновациялар: сын-тегеуріндер мен перспективалар" халықаралық педагогикалық оқуда Аблизова Д.П. II дәрежелі дипломмен марапатталса, биылғы педагогикалық оқуларға 7 педагог өз ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұсынып отыр. Биылғы ең үлкен жетістігіміздің бірі "Үздік кәсіптік білім беру ұйымы-2025" байқауы. Колледжіміз осы байқауда III орынды иеленіп, 150 мың теңге сертификатымен марапатталды.

Колледжіміздің ардагері, 43 жылдық еңбек өтілі бар педагог-зерттеуші, еңбек адамы атағын алған Ушурова М.А облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Жоғары біліктілігі мен ерен еңбегі үшін директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасар Бабаханов С.А білім басқармасының құрмет грамотасымен марапатталды.

Жыл сайын кәсіподақ ұйымыда педагогтарымыздың еңбегін бағалап, марапаттап отырады. Атап айтатын болсақ: Бабаханов С.А - "Кәсіподаққа еңбегі сіңген қайраткер"

белгісімен марапатталды. Хавайдуллаева Р.С-құрмет грамотамен, Солтанкулова Ж.М, Ибрагимова Г.М, Стамова К алғыс хатпен марапатталды

Қорыта айтқанда, колледж педагогтарының сапалық құрамы мен жетістіктері – бәсекеге қабілетті жұмысшы кадрларды даярлаудың берік негізі және техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыруға ықпал ететін маңызды көрсеткіш.

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы бойынша жұмыс жоспары құрылып жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев озық дамыған мемлекет құру өскелең ұрпаққа тікелей байланысты екендігіне тоқталып, оларды тәрбиелеуге ерекше назар аудару міндетін қойды. Ұлттың жана келбетін қалыптастыратын:

1. тәуелсіздік және отаншылдық
2. бірлік және ынтымақ
3. әділдік және жауапкершілік
4. заң және тәртіп
5. еңбекқорлық және кәсіби біліктілік

жасампаздық және жаңашылдық құндылықтарын саралап, бала тәрбиесіндегі басты бағдар ретінде айқындады.

Қазіргі уақытта колледжде **екі жетім бала білім алуда**. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, аталған білім алушыларға мемлекет тарапынан әлеуметтік қолдау көрсетіледі. Атап айтқанда, әрбір жетім балаға **56 646 теңге көлемінде шәкіртақы** тағайындалған. Сонымен қатар, олардың **күнделікті тамақтануына 1 782 теңге мөлшерінде қаржы бөлінеді**. Мемлекеттік қолдау шаралары білім алушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға және олардың сапалы білім алуына қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мақсатында Ұйғыр аудандық полиция бөлімімен бірлескен **іс-шаралар жоспары** әзірленді. Аталған жоспар аясында колледж білім алушыларымен **түсіндіру-профилактикалық жұмыстар**, сондай-ақ **дөңгелек үстел форматындағы кездесулер** ұйымдастырылып, өткізіледі.

Іс-шаралардың негізгі мақсаты – білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын сақтауға баулу, құқық бұзушылықтың алдын алу және қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздікті нығайту. Кездесулер барысында полиция қызметкерлері заңнамалық талаптар, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік, жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың салдары туралы жан-жақты түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

Аталған жұмыстар колледжде қауіпсіз әрі тәртіпті білім беру ортасын қалыптастыруға бағытталған және жүйелі түрде жүзеге асырылатын болады.

Колледж білім алушылары спорттық іс-шараларға белсенді қатысып, **аудандық және облыстық деңгейдегі жарыстарда жүлделі орындарға** ие болып келеді. Атап айтқанда:

1. Аудан көлемінде ұйымдастырылған **ұлттық ойындар жарысында** колледж командасы **II орынға** ие болды;

2. **Қазан айында** өткізілген **тоғызқумалақ бойынша облыстық ұлттық колледждер лигасында** колледж командасы **II орынды** иеленді;

3. **Волейболдан облыстық спартакиадада** қыздар командасы **I, II және III орындарға** қол жеткізді;

4. **Ұлдар арасында ұйымдастырылған футбол жарысында** колледж командасы **III орынға** ие болды;

5. Қазан айында Қаракемер ауылында өткен Алматы облыстық турнирде үстел тенісінен колледж білім алушылары **ІІІ орынды** иеленді;

6. Қараша айында аудан көлемінде ұйымдастырылған веложарыста қыздар арасында Авдувалиева Мубаряк **ІІ орынға**, ал ұлдар арасында Сауржанов Эльзат **ІІ орынға** ие болды.

7. Хакім Абайдың **180 жылдық мерейтойына** арналған республикалық деңгейдегі байқауда колледждің **3 күре, 301 оқу тобының студенттері** — Селимахунова Д., Баратов Рахман және Бақытұлы Қадыр жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі **І орынды** иеленді.

8. 2025 жылы аудандық «Үздікдіктер» байқау қорытындысы нәтижесінде колледж білім алушысы Бақытұлы Қадыр «Үздік студент» номинациясына ие болды.

2025-2026 оқу жылында колледж жатақханасында **85 білім алушы** тіркелген. Жатақханада тұратын білім алушылармен бекітілген жоспарға сәйкес жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар, жатақхананың материалдық-техникалық базасын жақсарту мақсатында арнайы есепшот (спецсчет) қаражаты есебінен жалпы құны **550 000 (бес жүз елу мың) теңгені құрайтын 11 дана шкафты жанарту жұмыстары жүзеге асырылды**. Аталған шаралар білім алушыларға қолайлы және қауіпсіз тұрмыстық жағдай жасауға бағытталған.

Жалпы колледж бюджетіне облыстық бюджеттен **3 500 000 (үш миллион бес жүз мың) теңге** көлемінде қаражат түсті. Аталған қаражаттың **1 535 000 теңгесіне** тұрмыстық заттар (шаруашылық тауарлары), **1 065 000 теңгесіне** спорттық заттар, сондай-ақ **200 000 теңгесіне** қағаз өнімдері сатып алынды. Сонымен қатар, колледжді газдандыру жүйесіне қосу мақсатында облыстық бюджет есебінен сметалық жоспар-құжаттамасын әзірлеуге **4 050 000 (төрт миллион елу мың) теңге** көлемінде қаражат бөлінді.

Бұдан бөлек, «В» санатты автокөлік құралдарын жүргізу курстарын ұйымдастыру нәтижесінде арнайы есепшотқа **8 224 000 (сегіз миллион екі жүз жиырма төрт мың) теңге** көлемінде қаражат түсті. Аталған қаражаттың **4 260 000 теңгесі** жалақы төлеуге бағытталды, ал қалған **3 964 000 теңге** колледждің материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында пайдаланылды.

Атап айтқанда, бөлінген қаржыға **тоназытқыш, 3 дана панель, автокөлік құралдарына арналған қосалқы бөлшектер, сақтандыру қызметі, алкотест, жалюзи, жанармай, ыдые-аяқ, кенсе тауарлары, кронштейн** сатып алынды. Сонымен қатар, оқу процесінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында **5 оқу автокөлік құралына 5 дана қосымша педаль** орнатылды.

Аталған шаралар оқу үдерісінің сапасын арттыруға және жүргізуші мамандарды даярлау бойынша материалдық-техникалық жағдайды жақсартуға бағытталған.

«Шонжы политехникалық колледжі» МКҚК «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының рәіестіріне енгізілген 10 біліктілік бойынша қысқа мерзімдік кәсіптік оқыту курстары ұйымдастырылады:

- 3W06120101 – «Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы»;
- 3W07150501 - «Электргазымен дәнекерлеуші»;
- 3W07161301 - «Автомобиль жөндеу слесарі»;
- 3W07161603 - «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі»;
- 3W07230102 - «Арнайы тігінші»;
- 3W07321101 - «Слесарь-сантехник»;

- 3W08110304 - «Жеміс өсіруші»;
- 3W08110501 - «Күс өсіруші»;
- 3W10120101 - «Шаштараз-стилист»;
- 3W10130302 - «Аспазшы».

Сонымен қатар, 2024 жылы «Алматы облысының еңбек мобильдігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Ұйғыр ауданы бойынша мансап орталығы» филиалының оқуға жіберу жөніндегі «13» маусым 2024 жылдың келісім шартына сәйкес, қысқа мерзімді (3 ай) кәсіптік оқыту негізінде 3W07161603 - «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі», 3W10130302 - «Аспазшы», 3W10120101 - «Шаштараз-стилист» біліктіліктері бойынша 18 адам оқуды сәтті аяқтап, тапсырыс берген аудандағы кәсіпорындарға 100 пайыз толығымен жұмысқа орналастырылды.

2025 жылы қысқа мерзімдік кәсіптік оқыту курстары ұйымдастырудан колледж есеп сөчетына 4 126 743 қаражат түсті. Оның 1 031 000 мың теңгесіне компьютер, шаштараз мамандарына арналған заттар, аспаз мамандарын оқытуға пеш алынды. Қалған 3 039 000 теңгесі жалақыға аударылды.

2025 жылы жоғарыда аталған мамандықтары бойынша 18 адам оқуды сәтті аяқтады.

Барлық түлектер тапсырыс берген аудандағы кәсіпорындарға 100 пайыз толығымен жұмысқа орналастырылды.

«Шонжы политехникалық колледжі» МКҚК қысқа мерзімді курстарында оқытылған білім алушылар туралы мәлімет.

Р/с №	Мамандығы (біліктілігі)	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл
1	Мамандығы: 07161600 – «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» Біліктілігі: 3W07161603 - «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист машинисі» Оқу мерзімі: 3 ай,	-	5	4
2	08110500 - «Зоотехния» (3W08110501 - «Күс өсіруші») Оқу мерзімі: 1 ай,	10	-	-
3	Мамандығы: 10120100 - «Шаштараз өнері» Біліктілігі: 3W10120101 – «Шаштараз-стилист» Оқу мерзімі: 3 ай,	-	5	11
4	Мамандығы: 10130300 - «Тамақтандыруды ұйымдастыру біліктілігі бойынша» Біліктілігі: 3W10130302 - «Аспазшы» Оқу мерзімі: 3 ай	-	8	4
Барлығы		10	18	19

«Атамекен» кәсіпкерлер палатасының әр үш жыл сайын жанартылып отыратын реестріне енгізілу мақсатында колледжде 10 біліктілік бойынша қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарын ұйымдастыруға арналған құжаттар пакеті мен материалдық-техникалық база облыстық деңгейде тексеруден өткізілді.

Аталған тексеріс барысында оқу бағдарламаларының талаптарға сәйкестігі, оқу-әдістемелік құжаттама, сондай-ақ материалдық-техникалық қамтамасыз етілу деңгейі жан-жақты қаралды.

Қазіргі уақытта тексеріс қорытындысы облыс тарапынан мақұлданып, Республикалық деңгейдегі қорытынды шешімді күту кезеңінде тұрмыз.

27 желтоқсан 2024 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев **2025 жылды – «Жұмысшы мамандықтар жылы»** деп жариялап, елдегі техникалық және жұмысшы мамандықтарының маңызын арттыруға бағытталған бастаманы бекітті.

Жарлықта негізгі мақсаттар ретінде:

- енбек адамының мәртебесін көтеру;
- техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау;
- жастарды жұмысшы мамандықтарға бағдарлау;
- экономиканың өндірістік әлеуетін күшейту;
- енбекқорлық және кәсібилік құндылықтарын қоғамда насихаттау міндеттері анықталды.

Осы міндеттерді басшылыққа ала отырып, Шонжы политехникалық колледжі 2025 жылға арналған арнайы **іс-шаралар жоспарын** әзірлеп, жыл бойы жүйелі жұмыстар жүргізді.

Жоспарға ақпараттық -насихат, мектептермен әріптестік және кәсіби бағдар, әлеуметтік серіктестік, кәсіби даму және шеберлік жарыстары, жастармен жұмыс және қоғамдық шаралар, жәрмеңкелер және жұмысқа орналастыру, мәдени-ағартушылық бағыттар енгізілді.

1. Ұйымдастыру жұмыстары

«Жұмысшы мамандықтар жылы» тиімді өткізу мақсатында **іс-шаралар жоспары әзірленіп, бекітілді.**

Жоспарға айлық, тоқсандық және жылдық іс-қимылдар енгізіліп, жауапты тұлғалар белгіленді.

2. «Адал еңбек – адал табыс» салтанатты ашылуы

2025 жылдың басында Жұмысшы мамандықтар жылы **салтанатты түрде ашылды.**

Ашылу барысында еңбек адамдарын құрметтеу, олардың қоғамдағы рөлі және техникалық білімнің маңызы туралы баяндама жасалды.

3. Колледж директоры Тегисбаева Г.Б. «2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында ұйымдастырылған «Ой сарап» бағдарламасына сұхбат берді.

Сұхбат барысында колледж директоры оқу орнының тыныс-тіршілігі, білім беру үдерісінің ерекшеліктері, жұмысшы мамандықтарын даярлау бағытындағы атқарылып жатқан жұмыстар, материалдық-техникалық базаның дамуы, әлеуметтік әріптестік және болашақ жоспарлар туралы жан-жақты баяндады.

3. «One School – One Skill» жобасының іске асуы

Аудан мектептерімен әріптестік орнатылып, әрбір мектеп жыл бойы дамытатын **бір негізгі дағдыны** тандап, колледжбен бірлескен жобалық жұмыстар басталды.

Жоба мектеп оқушыларын кәсіби бағдарлау және ерте кәсіптік дағдыларды қалыптастыруға бағытталды.

4. Жұмысшы мамандықтарының артықшылықтары бойынша презентациялар

Мамандықтардың еңбек нарығындағы сұранысы, жалақы деңгейі, дуальды оқыту артықшылықтары жөнінде **ақпараттық семинарлар мен презентациялар** өткізілді.

5. Колледждің халықаралық байланыстарын нығайту

Бірқатар кәсіпорындармен және білім беру ұйымдарымен **ынтымақтастық туралы меморандумдар** түзіліп, халықаралық серіктестік кеңейтілді.

6. Аудандық форсайт-сессиялар

Жұмыс берушілер, мемлекеттік органдар және колледж өкілдері қатысқан кадр даярлау

мәселелері бойынша форсайт-сессиялар ұйымдастырылды.

Еңбек нарығының келешек тенденциялары талқыланды.

7. «Техникалық мамандықтар болашақта...» дөңгелек үстелі

Жұмыс берушілер және жұмыспен қамту орталығы өкілдерімен дөңгелек үстел өткізілді.

Техникалық мамандықтардың болашағы, қажетті құзыреттер мен жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қарастырылды.

8. Оқытушылар мен өндірістік шеберлердің тағылымдамасы

Алматы қаласының және аудан кәсіпорындарының базасында оқытушылар мен шеберлерге тағылымдама ұйымдастырылды.

Арнайы пән оқытушылары әлеуметтік серіктестерге тәжірибеден өтуге жіберілді.

9. «Дуальды оқытуды дамыту – ұзақ мерзімді серіктестік» дөңгелек үстелі

Аудан кәсіпорындарын тарта отырып дуальды оқытуды жетілдіру мәселелері талқыланды.

Жұмыс берушілер тарапынан жаңа оқу орындары мен өндірістік алаңдар ұсыну мүмкіндіктері қаралды.

10. Кәсіби шеберлік конкурстары

Колледж студенттері аймақтық және республикалық деңгейде өткізілген кәсіби шеберлік сайыстарына белсенді түрде қатысты.

WorldSkills 2025 чемпионатына қатысуға дайындық жүргізіліп, бірнеше компетенциялар бойынша студенттер іріктелді.

11. Еңбек ардагерлері мен еңбек аулеттері туралы ақпараттық жобалар

Еңбек ардагерлері, еңбек династиялары, үздік шеберлер мен жас мамандар туралы бейнематериалдар әзірленіп, әлеуметтік желілер мен колледж сайтында жарияланды.

12. «Кәсіп тазалықтан басталады» акциясы

Колледж аумағында сенбілік, тазалық жұмыстары ұйымдастырылып, студенттер мен қызметкерлердің экологиялық мәдениетін арттыруға ықпал етті.

13. «Топ 100 студент» жобасына қатысу

ТЖБ ұйымдары арасында ұйымдастырылған облыстық «Топ 100 студент» жобасына колледждің белсенді әрі өзат студенттері қатыстырылды.

14. Жастарға арналған дөңгелек үстелдер

«Жұмыстың жаманы жоқ, кез келген еңбек – қадірлі» тақырыбында жастар мен мектеп оқушыларына арналған іс-шара ұйымдастырылды.

Колледж ішінде де еңбек құндылықтары жөнінде дөңгелек үстел өткізілді.

15. Техникалық және кәсіптік білім күні

Мерекеге орай концерттік бағдарлама, көрме, ашық есік күні және мамандықтар таныстырылымы өткізілді.

16. «Өмірлік таңдау» кәсіпорындарға саяхат

Студенттер мен мектеп оқушылары жергілікті және облыстық кәсіпорындарға кәсіби бағыт-бағдар беру саяхаттарына қатысты.

17. «Еңбек таңда» және бос жұмыс орындары жәрменкесі

Жұмыс берушілердің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдастырылып, түлектерге жұмысқа орналасу мүмкіндігі ұсынылды.

18. «Ел ертені – білікті маман» мамандықтар жәрменкесі

Аудан жастарына арналған мамандықтар жәрменкесі өткізіліп, колледж мамандықтары бойынша толық ақпарат берілді.

Колледжде «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша дуалды оқыту жүйесіне енгізілген. Білім алып жатқан 25 білім алушыны өндірістік тәжірибеден өткізу мақсатында ЖК «Равиль» және ГКП на ПХВ «Ұйғыр аудандық Су

құбыры» мекемелерімен келісімшарт жасалды. Аталған келісімшарттарға сәйкес, білім алушылар алдағы уақытта көрсетілген мекемелерде дуалды оқыту бойынша тәжірибеден өтетін болады.

Колледжде білім алушылардың практикалық даярлығын қамтамасыз ету мақсатында аудан аумағында орналасқан **34 кәсіпорынмен 6 мамандық бойынша екіжақты келісімшарттар жасалған**. Аталған келісімшарттар шеңберінде кәсіпорындар білім алушыларға практикалық дағдыларды меңгеруге, кәсіби тәжірибе жинақтауға және өндірістік ортаға бейімделуге мүмкіндік береді.

Колледж білім алушылары оқу үдерісі барысында өз мамандықтарына сәйкес өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеден аталған кәсіпорындар базасында өтеді.

Ауданымызда орналасқан ірі кәсіпорындар **ЖШС «Otan Green Food», ЖШС «Прима Кус», СТО «Лада»** ұйымдармен жасалған келісімшарттар негізінде білім алушылар **07150500 – «Дәнекерлеу ісі» (түрлері бойынша); 07161300 – «Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану»;**

07161600 – «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандықтар бойынша тәжірибеден өтуде. Кәсіптік тәжірибелер білім алушылардың кәсіби біліктілігін арттыруға, теориялық білімдерін тәжірибемен ұштастыруға және еңбек нарығында сұранысқа ие маман ретінде қалыптасуына зор мүмкіндік береді.

Халықаралық ынтымақтастық

Шонжы политехникалық колледжінің халықаралық серіктестік бағыты бойынша жүргізіп отырған жұмыстары аясында Қытай Халық Республикасы және Өзбекстан Республикасымен білім беру саласындағы өзара ынтымақтастық туралы халықаралық келісімшарттар мен меморандумдар аясында нақты іс-шаралар жүзеге асуда. Қытай Халық Республикасымен 1 мектеп, 2 колледж, 2 университет және 1 баспа үйімен келісімшарт жасалды. Олар:

1. Чунцин ауыл шаруашылығын механикаландыру мектебі
2. Чунцин кәсіптік бизнес колледжі
3. Чунцин интеллектуалдық инженерия колледжі
4. Чунцин пошта және телекоммуникациялар университеті
5. Чунцин Цзяотун университеті
6. «Чунцин» баспа үйі

Өзбекстан Республикасымен Шайхантохур кәсіптік-техникалық училищесімен 07230100 - «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», 06120100 - «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» (түрлері бойынша) мамандықтары бойынша өзара студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы, бірлескен ғылыми-әдістемелік жұмыстар, оқу бағдарламаларын үйлестіру, техникалық мамандықтар бойынша біліктілікті арттыру курстары, бірлескен жобалар мен студенттік жарыстар ұйымдастыру бағыттары бойынша іс-шаралар жүзеге асуда.

«Шонжы политехникалық колледжі» МККК Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы №478 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында жалпы білім беретін мектептердің 10–11 сынып білім алушылары үшін жұмысшы біліктілігі бойынша эксперименттік білім беру бағдарламаларын енгізу алгоритмін» іске асыру мақсатында тиісті жұмыстар жүргізді. Аталған нормативтік құжатты орындау шеңберінде ауданымыздың 5 мектебінен жалпы саны 15 оқушыдан құралған эксперименттік топ қабылданып, олар 2024 жылғы 2 қыркүйек пен 2026 жылғы 9 қаңтар аралығында оқудан өтті. Білім алушылар оқу бағдарламасын толық меңгеріп, қорытынды емтихандарды сәтті тапсырып, дипломдарын қолдарына алды. Аталған

бағдарлама білім алушылардың ерте кәсіптік бағдар алуына, жұмысшы мамандықтарын меңгеруіне және еңбек нарығына бейімделуіне бағытталды.

Алматы облысының әкімі Елеусізов М. 2025 жылғы 7 тамызда ауданға жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында өңір басшысы колледжге арнайы барып, оқу орнының тыныс-тіршілігімен жан-жақты танысты.

Колледж директоры Г.Б.Тегисбаева облыс әкімінің материалдық-техникалық базасын, атап айтқанда оқу шеберханалары мен зертханаларының жай-күйін көрсетті. Нәтижесінде аталған нысандардың қазіргі жағдайы заман талабына толық сәйкес келмейтіні және ғимаратқа күрделі жөндеу (капиталдық жөндеу) жүргізу қажеттілігі бар екені атап айтты. Өңір басшысы жауапты сала жетекшілеріне колледж инфрақұрылымын жаңғырту мәселесін зерделеп, тиісті ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Қамқоршылық кеңестің төрайымы Алиқеева Кульжахан Какишевна: «Оқу орындарында бар мәселені кадр шешеді, сіздерде кадрдың тұрақтылығы қандай? Бітіруші түлектерді жұмысқа орналастыру жағы қалай болады?»- деп сұрағын қойды.

Тегисбаева Гулназ Багдаулетовна өз сөзінде жалпы кадр жетіспеушілігі бар. Кадрлар тұрақты түрде жылдар бойы еңбек етуде.

Сөз алды (ұсыныстар)

Қамқоршылық кеңестің мүшесі Сатынбаева Жанат Сағыншышовна, баяндамада атқарылған жұмыстар тыңдалды, алға қойған мақсаттарыңыз орындалсын, жұмысыңызға шығармашылық табыс тілеймін.

Қамқоршылық кеңес отырысының барлық кезеңдерін ескере отырып Қамқоршылық кеңес мүшелері **ШЕШІМ** қабылдады:

1. Ұйғыр ауданы «Шонжы политехникалық колледжі» МКҚК - ның директоры лауазымына орналасу үшін үміткер Тегисбаева Гулназ Багдаулетовнаның атқарған жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Комиссия төрағасы:

Алиқеева Кульжахан Какишевна - Алматы облысы ішкі саясат басқармасы» ММ
«Қоғамдық келісім» КММ Ұйғыр аудандық филиалының жетекшісі, ҚХА жанындағы Ұйғыр аудандық аналар кеңесінің төрайымы

Комиссия мүшелері:

Нургалиев Жакулин Жасузакович – ЖШС «Алматы жолдары» Шонжы филиалының директоры, әлеуметтік серіктес, кеңес мүшесі
Айғожаев Жәнібек Абиырұлы – аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі, кеңес мүшесі;

Ахметов Дархан Санатулы – аудандық полиция бөлімінің аға лейтенанты, кеңес мүшесі;

Омарова Гульнарjam Гөжалимовна – ата-ана, кеңес мүшесі;

Сатынбаева Жанат Сағыншышовна – ата-ана, кеңес мүшесі;

Комиссия хатшысы:

Джапарова Сяням Шукуровна – оқытушы